


Ұлтқа қызмет ету өнегесі

Биыл қазақтың көрнекті ғалымы, саяхатшы, географ, тарихтанушы және этнолог, жазушы, суретші, қазақ фольклортанушының ғылыми негіздерін салушы, демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 185 жыл толып отыр.

Шоқан кәдімгі қазақи дәстүрді ұстанатын отбасында өсті, бала кезі бұрынғы өткен қорғаушы-батырлар, махаббатқа адал ғашықтар туралы аңыз-әңгімелерді сақтай білген Жанақ, Шеже, Жұмағұл, Орынбай, Арыстанбай сынды ақын-жыршылар өнерін көрсеткен ортада өтті. Жас кезінен халқымызға тән жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұстанымдарды бойына сіңірді, өмірлік позициясын қалыптастыра бастады. Жекеменшік қазақ мектебінде есеп-қисап, жазу, сурет салу пәндермен қатар шығыс әдебиеті, мәдениетімен жақсы танысты. 1847 жылы жекеменшік қазақ мектебін тәмамдаған он екі жасар Шоқан Сібір кадет корпусына қабылданды. Мұнда, Ә.Марғұлан көрсеткендей, оның демократтық ұстанымдарының әрі қарай қалыптасуына ерекше ықпал еткен П.Гонсевский, Н.Костылецкий, В.Лободовский секілді озық ойлы, білікті мамандар дәріс берді. Шоқан кадет корпусында Г.Потанинмен достасты, шығыстанушы И.Березинмен танысты, шығыстанушылар К.Гутковский, Капустиндермен жақын араласты, В.Белинский, А.Герцендердің сыни мақалаларымен, Н.Чернышевский, Н.Добролюбовтардың шығармаларымен, Т.Карлейльдің әлеуметтік-пәлсапалық еңбектерімен танысты, А.Пушкин мен М.Лермонтовтың өлеңдерін сүйіп оқыды. 1853 жылы 18 жасында корпусы бітірген Шоқан сол кездегі билік жүйесіне қатысты сыни, демократиялық және саяси көзқарастары қалыптасқан, өз халқына және ғылымға қалтқысыз қызмет етуге бел буған өте білімді адам болып шығады.

Патша әкімшілігі жаңадан қосылған



Коллажды жасаған Қонысбай ШЕЖІМБАЙ, «Ер»

“ Ш.УӘЛИХАНОВ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫН ЗЕРТТЕУМЕН ШЕКТЕЛГЕН ЖОҚ. ӨЗ ХАЛҚЫНЫҢ ПАТРИОТЫ, ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ БОЙЫНША ДЕМОКРАТ ШОҚАН ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ҮШІН КӨКЕЙКЕСТІ, ӨТЕ ӨЗЕКТІ БОЛҒАН ПРОБЛЕМАЛАРҒА, МЫСАЛЫ, ПАТША ӘКІМШІЛІГІНІҢ ЖЕРГІЛІК ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕСІН ЕСКЕРМЕСТЕН, ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗА ОТЫРЫП ЖҮРГІЗГЕН СОТ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗ ОЙЛАРЫН АЙТПАЙ ТҰРА АЛМАДЫ.

наным-сенімі, дүниетанымы, өмір сүру салты, қоғамның рухани өміріндегі діннің орны мен рөлі, дәстүрлі сот-құқық жүйесі мен Қазақстандағы жер

наным-сенімдер, тыйымдар туралы мол мәлімет береді. Ш.Уәлиханов айттып кеткен салттар мен ғұрыптардың көпшілігі әлі күнге дейін сақталған.

табыну Еуразия даласында ғұн дәуірінен белгілі. «Мифы народов мира» атты еңбектің авторлары «Тәңірі термині Орталық Азия халықтарының ежелгі мифологиялық қорына тиесілі және ғұн тілінде болуы мүмкін (б.д.д. III ғасырда және одан ерте)» деп жазады. Тәңірі Түркі қағанаты дәуірінде ресми құдай, түркілердің жебеушісі болғаны 732 жылы Күлтегінге қойылған ескерткіштегі жазбалардан белгілі. Тәңірлік дегеніміз – қоршаған әлемге деген бастапқы көзқарастың тікелей нәтижесі болып табылады. Тәңір культі, тәңіршілдік – дүниетаным және дін ре-

өзі айтшы отырған халықтың надандығын сипаттауға беріле кіріскені сонша сиқыр мен дуа қазақ дінінің бір бөлігі деп соғады; олар діннің бір бөлігі емес, барлық халықтарда кездесетін наным ғана». Жас ғалымның сиқыр, дуа, бал ашу, т.б. діннен бөлек қарастырып, наным-сенімнің қатарында жүйелеуі назар аударарлық.

Фольклор үлгілерін жинау Шоқан Шыңғысұлының фольклортанулық қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Шоқан ел аузынан жазып алған фольклорлық үлгілер: «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Абылай туралы эпос, «Ер Көкше», «Қарабатырдың толғауы», «Орақтың өлеңі» сынды батырлық, романдық, тарихи жырлар, ертегілер, мақал-мәтелдер, халық әндері, жоқтау, аңыздар мен әңгімелер, қырғыз эпосының үлгілері және т.б. Өкінішке қарай, ғалымның жинаған фольклорлық материалдары мен зерттеулерінің басым бөлігі ғылыми айналымға жиналған, жазылған уақытынан көп кейін енгізілді. Ғалымның көзі тірісінде жарық көрген зерттеулері көп емес, мысалы, «Аблай» (1860), «Очерки Джунгарии» (1861), ал алғашқы «Шығармалар жинағы» орыс ғалымы Н.И.Веселовскийдің редакциялық басқаруымен 1904 ж. баспа бетін көрді. XX ғасырда Ш.Уәлихановтың бестомдық Шығармалар жинағының басылымы екі рет жарық көрді (1961-1972 жылдары және 1984-1985 жылдары). Бұл жинақтардың шығуына Ә.Марғұлан мен ол басқарған ғылыми ұжым зор еңбек сіңірді. 2012 жылы Ш.Уәлихановтың фольклортанулық еңбектері «Классикалық зерттеулер» сериясының аясында басылып шықты (12 том, жауапты ред. Б.У.Әзібаева). Ғалымның еңбектері қазақ тіліне аударылды, одан бөлек, «Тандамалы шығармалар» сериясында, басқа да түрлі ғылыми-көпшілік басылымдарда бірнеше рет жарияланды.

Ш.Уәлиханов – ғылымның бірнеше салалары бойынша (дінтану, тарихтану, этнология, т.б.) алғашқы әрі терең, құндылығы бүгін де жойылмаған

Патша әкімшілігі жаңадан қосылған қазақ жерлерін игеріп, әлі қосылмаған аймақтарды қосу үшін Қазақстанды үніле зерттеуге кірісті. Бұл стратегиялық жоспарды жүзеге асыру үшін отаршылық аппаратқа жергілікті халықтың арасынан білімді, көзі ашық және адал, сенімді, ғылым мен қызметке берілген адамдар қажет болды. Ш.Уәлиханов дәл сондай адам еді.

Үкімет тапсырмасымен Шоқан 1855-1857 жылдары бес рет саяхат жасады; нәтижелерін «Дневник поездки на Иссык-Куль», «Западная провинция Китайской империи и г. Кульджа», «Записки о киргизах», «Географический очерк Заилийского края» атты еңбектерінде жүйелеп көрсетті. Жас ғалымның бұл еңбектерін ресейлік ғалымдар өте жоғары бағалады, әлі 22-ге де толмаған Шоқан 1857 жылы Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланды. 1858-1859 жылдары Ш.Уәлиханов оған дейін Еуропа ғылымына жұмбақ болып келген Қашқарияға әйгілі сапарын жасап, ержүрек саяхатшы атанды. Ғалымның экспедиция нәтижелері баяндалған «О состоянии Алтышара или шести восточных городов Китайской провинции Нан-Лу [Малой Бухарии]» атты іргелі еңбегінің ғылыми құндылығы әскери мамандар мен ресейлік және ағылшын ғалымдары тарапынан бірауыздан мойындалды.

Ш.Уәлиханов орыс әскерінің офицері болды және Қазақстан ол кезде Ресей құрамында болғандықтан сол елге қалтқысыз қызмет еткені түсінікті. Бірақ, Потанин көрсеткендей, «Уәлиханов қазақ халқына қызмет етуді, орыс билігінің алдында өз халқының мүддесін қорғауды және олардың серпіліп оянуына көмектесуді өзінің өмірлік мақсаты деп санады». Ғалым XIX ғасырдың екінші жартысындағы өмір шындығын, халқының тезге түскен тағдырын ескере отырып өз ұлтына қызмет етудің әдіс-амалын жасады.

Ғалым халықтың материалдық және материалдық емес мәдениетін этнос бірегейлігінің маңызды факторы болып табылатын тұтас, жүйелі, төл құбылыс ретінде қарастырды. Туған халқын зерттеуді өзінің міндеті деп таныды, отырықшы-көшпелі қазақ мәдениетін ғылыми танымның объектісі ету мақсаты болды. Шоқан тарихи-географиялық сипаттағы іргелі еңбектерімен бірге, қазақ фольклоры мен этнографиясы туралы көптеген зерттеу еңбектер жазды. Ол еңбектердің зерттеу нысаны – халықтың тарихы, сөз өнері мен этнографиясы, киімі, қару-жарақтары, үй-жайы, дәстүрлі әдет-ғұрпы,

құқық жүйесі мен Қазақстандағы жер қатынастары, жер суару жүйесі және диқаншылық, ежелгі архитектуралық ескерткіштер болды.

Ғалымның фольклортанулық мұрасының ішінде аса құнды еңбектерінің бірі – «О формах казахской народной поэзии» атты мақаласы. Халықтың эпикалық мұрасын жетік біліп, өз заманы жыршыларының шығармаларымен таныс болуы Шоқанға эпикалық дәстүрдің сол кездегі ахуалы туралы маңызды қорытындылар жасауға зор мүмкіндік берді, мысалы, қобыздың орнына домбыраның пайдаланылуы, жыр формасының өлең формасына ауысуы, ескі жырлар біртіндеп ығыстырылып, тың тақырыптар мен сюжеттерді арқау еткен жаңа шығармалардың пайда болуы және тағы басқа.

Эпосқа ерекше назар аударған Шоқан тарихи жырларды батырлық эпостан нақты бөліп, жеке жанр ретінде қарастырды. Зерттеуші жыр терминін бірнеше мағынада: фольклор жанры мағынасында, өлең формасы мағынасында және жеке жыр мағынасында қолданады. Ғалым шағын зерттеуінде қазақ эпосының поэтикалық болмысы архаикалық формадан келесі формаға ауысқанын, дәстүрлі сюжеттердің ығыстырылып, күні кеше өткен тарихи оқиғаларды жырлауға көше бастағанын, яғни эпостың трансформациялануының жалпы сипатын анықтады. Автор эпикалық жанрлармен қатар жылау, қайым өлең, мақал-мәтелдер, қара өлең, тарихи аңыз, әңгіме, шежірелер, фольклорлық жанрларды қарастырып, олардың әрқайсысына қысқаша аннотация берді, бірнеше шежірелік және тарихи аңыз, эпсаналардың сюжеттерін ғылыми айналымға енгізді.

Ғалым зерттеулерінің ішінде аса маңызды еңбектердің бірі ретінде мойындалған «Очерки Джунгарии» атты зерттеуі өзінің көзі тірісінде жарық көрген (1861) аздаған шығармаларының бірі. Еңбекте тотем бабалар туралы архаикалық мифтер, ру-тайпалардың шежіресі, поэтикалық Ноғайлы дәуірінің эпостары (автор бас қаһармандардың тарихи тұлға екенін құжаттармен дәлелдеген) туралы фольклорлық материалдар қамтылған. Ш.Уәлиханов оларды нақты жүйелемесе де, арнайы қарастырған, сипаттама беріп, әр жанрдың функциясын (қызметін) анықтаған.

Ш.Уәлихановтың «Тәңірі» атты мақаласындағы материалдар бақсылықтың сыры мен спецификасын ашып, мифологиялық және ертегілік персонаждармен таныстырып, халық арасындағы түрлі культтер, ғұрыптар,

көпшілігі әлі күнге дейін сақталған. Халықтың басым бөлігі бұл дәстүрлерді ұстанып, орнымен атқарып келеді, мысалы: келін түсіру, әруақтарға тағзым [бабалар культі], айға [көкке табыну], жеке өскен дараққа [әлем ағашы мотиві] сыйыну, т.б.

Ғалымның «Следы шаманства у казахов» атты зерттеуі халқымыздың ежелгі наным-сенімдерінің энциклопедиясы іспеттес. Ғалым өзі жазғандай «табиғаттың адамға, әсіресе оның санасы жетілмеген кезіндегі өміріне ықпалы өте зор болды. Сондықтан адамзат баласы табиғатқа қатысты не істеу керек, нені істеуге болмайды деген ережені қалыптастырып, соны басшылыққа алуға мәжбүр болды». Олардың шығу төркінін Ш.Уәлиханов өз кезіндегі ғылымның концепциялары арнасында түсіндіреді. Ежелгі адамдардың қоршаған әлемді қалай қабылдағаны туралы ол былай жазады: «Байырғы адам күнді көріп таң қалып, оған табынған; айды көріп – оған табынған; ол көк Тәңірі деп аталған күдіретті күші бар, уақыт сияқты мәңгі күш иесінің қатысы бардың бәріне, табиғаттағы құбылыстарға түгел сыйынды».

Ш.Уәлиханов бақсыға, кейіннен қағидаға айналған қысқа да, күрделі, бақсының мәртебесі мен қызметін нақтылайтын анықтама берді: «Бақсы – сиқырды білетін және жоғарғы күшпен байланысқа түсе алатын адам, ақын, музыкант, сонымен қатар дәрігер». Ол өз халқының дәстүрлі көзқарастарының жиынтығын шамандық терминімен береді. Шамандық, шаманизм – зерттеушілер енгізген терминдер. Еуропалық, соның ішінде орыс зерттеушілері үстіне қоңырау ілген, көз үйренбеген, жат олар үшін, киімдегі, қолына дабыл ұстап, түсініксіз жоралғы жасан жатқан шаман/бақсыны алғаш рет көріп, оны халық дінінің негізгі фигурасы деп таңғана ұқсайды. Алайда бұл мүлде негізсіз. Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша «күнәні кешіріп, жазалайтын» жоғарғы құдай – Тәңірі, ал шаман – қарапайым адам, оны халық тек аспан мен адам, адам мен рухтар арасындағы дәнекер деп түсінген. Ш.Уәлиханов былай деп атап өтеді: «Көк аспан – бұл шамандықта жоғарғы Құдай». Ол Тәңірі ретінде көк аспанды түсінеді: «Тәңірі атауының өзі – аспан». Әрі қарай: «Тәңірі сөзін Шыңғыс хан билік еткен тұстың өзінде мұсылмандар Алла деп аударған...» дейді.

Тәңір туралы түсінік көктегі рух-ие туралы анимистикалық наным негізінде пайда болғаны, аспан – құдай деп қана емес, соя құдайдың тұрақты мекені деп те танылғаны белгілі. Тәңірге, Құдіретті Құдайға, Жаратушы Иеге, Қорғаушыға

тәңіршілдік – дүниетаным және дін ретінде жеткілікті деңгейде зерттелген жоқ. Осы орайда ғалымның XIX ғасырда жасаған қорытындылары өте маңызды.

Ш.Уәлиханов қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеумен шектелген жоқ. Өз халқының патриоты, идеологиялық ұстанымы бойынша демократ Шоқан қазақ қоғамы үшін көкейкесті, өте өзекті болған проблемаларға, мысалы, патша әкімшілігінің жергілікті халықтың мүддесін ескерместен, құқықтарын бұза отырып жүргізген сот және әкімшілік реформаларына қатысты өз ойларын айтпай тұра алмады. Сондай-ақ ол қазақ халқының материалдық-экономикалық жағдайының нашарлап кеткендігіне бей-жай қарай алмайды. Мысалы, «Отрывок из письма издателю» атты мақаласында Ш.Уәлиханов қарапайым халықты қанайтын ауыр салықтар мен паракорлық, тікелей мағынасындағы тонаушылық туралы еш бүкпесіз ашық әрі нақты дәлелдермен жазады, ал «О кочевках казахов» атты мақаласында Ресейден көшірілгендерге қазақ жерлерін тартып алып беруге ашық түрде қарсылық білдіреді, ондай саясат малмен күн көріп отырған халықтың тұрмысына орасан нұқсан келтіретінін жазады. Ғалым: «Заң бойынша казактарға жер қазақтардың өрісінің есебінен бөлінбеуі тиіс болғандықтан, мен қыстаулар мен шүйгінді жерлерді ең алдымен жергілікті қазақтарға үлестіріп, содан артылғанын ғана казактарға беру керек деп есептеймін» деп жазады.

Ғалым «Абылай» атты еңбегінде (1860) тарихи деректерді, ауызша жеткен мәліметтерді, фольклорлық материалдарды, өзінің жеке көзқарастарын бір жерге біріктіріп, ел ардақтаған тұлғаның өмірі мен халыққа еткен қызметін халық тарихымен тығыз байланыста қарастырып, есімі аңызға айналған, қазақтың жау қолында кеткен жерлерін қайтарушы, мемлекетшіл тұлға, дипломат әрі саясаткер, тәжірибелі қолбасшы, ержүрек, кеменгер Абылай ханның феноменін ашып берді. Ғалымның Абылай ханның тұлғасы мен оның мемлекеттік қызметі жайлы ғылыми концепциясы заманауи зерттеулерде дәйектеліп, жалғасын тапты.

Ал дін мәселелеріне қатысты зерттеушінің көнеден келе жатқан наным-сенімдер мен мұсылмандықтың өзара үйлесім тауып жатқанын атап көрсеткені және А.И.Левшиннің еңбегіне жазған рецензиясы өте маңызды. 18 жасар Шоқан А.И.Левшиннің қазақтар өздерінің қай дінде екенін білмейді деген пікіріне қатысты былай деп жазды: «А.Левшин

рен, құндылығы бүгін де жойылмаған еңбектер жазды, ал ұлттық фольклортанудың ғылыми негіздерін қалады: оның еңбектерінде фольклорымыздың көптеген теориялық мәселелері алғаш рет зерттеу нысанына алынды. Атап айтқанда Шоқан Шыңғысұлы қазақ фольклорының жүйекұраушы жанрлық формаларын тұңғыш рет жүйелеп, ғылыми сипаттамасын ұсынды; эпостық мұрамыздың жеке жанрлық түрлерін/типтерін анықтап (қаһармандық, тарихи және ғашықтық эпос), әрбіреуін жеке жанрлық түр ретінде бөліп қарастырды; ғылымда алғаш рет тарихи құжаттар мен басқа да деректердің негізінде Едіге, Шора, Ер Көкше, Ер Қосай, Тоқтамыс, Сәтемір хан сияқты эпикалық персонаждардың прототиптері бар екенін дәлелдеді; эпостық жырдың пайда болу алғышарттарының бірі тұтастану үдерісі екенін көрсетті (бірақ, бұл терминді қолданбайды); шығарушылар мен жеткізушілердің (ақын, жырау), айтушылар мен орындаушылардың (өлеңші, ертекші, жыршы) типтерін бөліп анықтады; ғалым тарихи-типологиялық, тарихи-салыстырмалы және пәнаралық зерттеулердің қажеттілігін тілге тиек етті және еңбектерінде тұңғыш рет қазақтың алғашқы діні – тәңірлік туралы терең де, нақты мәліметтер беріп, тұжырымдарын ұсынды.

Ш.Уәлиханов қазақтың және өзге де түркітілдес халықтардың генезисі мен тарихына жіті зер салып, оларды бөліп-жармай тарихи-саяси, мәдени бірыңғай контексте қарастырды. Ш.Уәлихановтың «эпостық поэмалар халықтың поэзиялық тарихы болып табылады, ал халықтың рухани мәдениеті мен оның біртұтас этномәдени кеңістікте қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік көзқарастарының жиынтығы – халықтың өткен өмірінен, оның дүниетанымдық ұстанымдары мен мақсаттарынан, менталитетінен тұтас көрініс береді» деген тезистері кейінгі зерттеулерде дәлелденіп, бүгінгі гуманитарлық ғылымның жетістіктерінің бастауы болды.

Шоқан Шыңғысұлының XIX ғасырдың 50-60 жылдары ұстанған ғылыми ұстанымдары бүгін де өзектілігін жойған жоқ, оның еңбектері бүгінгі ұлтқа қызмет етудің биік өнегесі бола алады, тіпті, сондықтан оның ғылыми және социогуманитарлық тұжырымдарын тереңірек ұғынып, түсінген жөн.

Бақытжан ӘЗІБАЕВА,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор